



САЛЫҚ ТӨЛЕУДЕН ЖАЛТАРУҒА ҚАРСЫ ӨРЕКЕТ ЕТУ САЯСАТЫ

МАҚСАТЫ

KAZ Minerals компаниясында және Топта (бұдан әрі – «Топ») салық төлеуден жалтарудың кез келген көрінісіне жол бермеу қағидаты қолданылады. Салық төлеуден жалтару — бұл әділетсіз әдістерді қолдану арқылы салық төлеуден заңсыз жалтару, ал салық төлемеу – салықтық міндеттемелерді азайту үшін салық заңнамасын заңды түрде пайдалану.

Осы Саясаттың мақсаты – Топтың қызметті барлық қолданылатын салық заңдарына сәйкес жүзеге асыруға бейілділігін көрсету және осыған байланысты Топтың кез келген мүшесіне немесе оның атынан қызмет көрсету үшін тартылатын қызметкерлер мен тұлғаларға ("Байланысты тұлғалар") қатысты оның болжамдарын жазып көрсету. KAZ Minerals компаниясы осы Саясатты және оған негізделген қағидаттарды ұстанатын Байланысты тұлғалармен ғана Келісімшарт жасасады.

ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Осы Саясат KAZ Minerals компаниясының барлық Байланысты тұлғаларына және Топ өз қызметін жүзеге асыратын барлық елдегі барлық іскерлік операциялар мен мәмілелерге қатысты қолданылады. «Байланысты тұлғалар» термині, басқалармен қоса, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді (тұрақты, келісімшарт бойынша және уақытша жұмыс істейтін тұлғаларды), іссапарға жіберілген тұлғаларды, агенттік қызметкерлерін, кеңесшілерді, мердігерлерді, қосалқы мердігерлерді, агенттерді, өкілдерді, үлестес тұлғаларды және Топтың кез келген мүшесіне немесе оның атынан қызмет көрсететін кез келген басқа тұлғаны (заңды немесе өзге) қамтиды.

ШОЛУ

Осы Саясат кейінгі мәтін бойынша егжей-тегжейлі баяндалған мынадай қағидаттардан тұрады:

- Үшінші тұлғаларға кешенді тексеру жүргізу осы саладағы тәуекелдерді төмендетудің негізгі құралдарының бірі болып табылады: «Үшінші тұлғаларға кешенді тексеру жүргізу» бөлімін қараңыз (Толық қағидаттар, 1-бөлім);
- Топтың кез келген мүшесінің мүддесі үшін немесе оның атынан әрекет ете отырып, Байланысты тұлғалардың үшінші тұлғалардыңсалық төлеуден жалтаруына қандай да бір қатысы болмауы тиіс немесе олар білетін немесе күдіктенетін, ақша жылыстатумен айналысатын кез келген тұлғаға көмек көрсетпеуі тиіс: «Салық төлеуден жалтаруға немесе ақша жылыстатуға қатыспау» бөлімін қараңыз (Толық қағидаттар, 2-бөлім).
- Байланысты тұлғалар Топтың кез келген мүшесінің атынан немесе оның мүддесінде қызметті жүзеге асыру барысында басқа Байланысты тұлғаның немесе үшінші тараптың салық төлеуден жалтару ойының болуы немесе іс жүзінде жалтаруы белгілеріне назар аударуы тиіс: «Қауіп дабылдарына назар аудару» (Толық қағидаттар, 3-бөлім) қар.; және

- Осы Саясаттың ықтимал бұзылуына қатысты қауіптенетін Байланысты тұлғалар күдіктері туралы дереу хабарлауы тиіс: «Заңнаманы және этикалық нормаларды бұзу туралы хабарламалар (Speak Up қызметі)» бөлімін қар. (Толық қағидаттар, 4-бөлім).

Қажет болған кезде заңнаманың сақталуын бақылау бойынша маңызды міндеттер жүктелген немесе жоғары тәуекелмен байланысты қызметтерді орындап жатқан тұлғалар үшін арнайы оқыту жүргізіледі.

ЖАУАПКЕРШІЛІК/ЕРЕЖЕНІ САҚТАМАУ

Әрбір Байланысты тұлға осы Саясатты, сонымен қатар Топтың Сыбайлас жемқорлықпен және парақорлықпен күресу жөніндегі бағдарламасын сақтауға және алдын ала кешенді тексеруді жүргізуге жауапты. Талаптарды орындамау қолданыстағы заңнамаға және/немесе KAZ Minerals компаниясының ішкі саясаттарына сәйкес Байланысты тұлғаларға қатысты шарттық қатынастарды бұзуға, тәртіптік немесе өзге әсер ету шараларын қолдануға әкеледі.

KAZ MINERALS-та ҚОЛДАНЫЛАТЫН БАСҚА ДА САЯСАТТАР

ПАРАҚОРЛЫҚ ПЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУ ТУРАЛЫ КОДЕКС

Толық ақпаратты KAZ Minerals компаниясының Парақорлықпен және сыбайлас жемқорлықпен күресу жөніндегі кодексінен (Іскер серіктестермен қарым-қатынас жасау жөніндегі саясатты/Кешенді тексеру жүргізу саясатын қоса алғанда), сондай-ақ Топтың Парақорлықпен және сыбайлас жемқорлықпен күресу жөніндегі басқа да саясаттардан табуға болады.

ТОЛЫҚ ҚАҒИДАТТАР

1. Үшінші тұлғаларға кешенді тексеру жүргізу

Үшінші тұлғаларға қатысты сай келетін және тәуекелді бағалауға негізделген кешенді тексеруді алдын ала жүргізбей, KAZ Minerals немесе Топтың кез келген мүшесінің атынан немесе оның мүддесінде әрекет ететін Байланысты тұлға ондай үшінші тұлғаларды жауапкершілікке тартпауы тиіс. Мұндай кешенді тексеру кез келген анықталған тәуекелдерді тиісті түрде азайтуға мүмкіндік болуы үшін қажет.

KAZ Minerals компаниясының қызметкерлері кешенді тексеруді KAZ Minerals компаниясының Іскер серіктестермен қарым-қатынас жасау жөніндегі саясатына/Кешенді тексеру саясатына сәйкес жүргізуі керек.

2. Салық төлеуден жалтаруға немесе ақша жылыстатуға қатыспау

Топтың кез келген мүшесінің мүддесі үшін немесе оның атынан әрекет ететін бірде-бір Байланысты тұлға салық төлеуден жалтармауға, басқа тұлғалардың салық төлеуден жалтаруына жәрдемдеспеуге, сондай-ақ өзіне белгілі немесе негізді түрде күмән туғызатын ақшаны жылыстатумен айналысатын кез келген тұлғаға көмек көрсетпеуі тиіс. Ақша жылыстату — бұл қылмыстық іспен айналысатын тұлғалардың заңсыз алынған

ақшалай қаражатқа заңды түр бере отырып, оның көзін және шығу тегін жасыруы процесі.

Бұл қағидат салық түріне қарамай қолданылады және ҚҚС мен баждарды қоса алғанда, барлық тікелей және жанама салыққа қолданылады. Сонымен қатар ол Байланысты тұлғаның немесе өзге тұлғаның орналасқан орнына қарамай және ол тұлғаның іс жүзінде салық төлеуден жалтарып не ақша жылыстатып үлгергені ескерілмей қолданылады.

Осындай әрекеттерге қатысу KAZ Minerals компаниясы мен Байланысты тұлғалар үшін қылмыстық-құқықтық салдарға әкелуі мүмкін, оның ішінде ірі көлемдегі айыппұлдардың салынуы, еңбек қатынастарының тоқтатылуы және беделге елеулі зиян келтірілуі мүмкін. Бұл талаптарды сақтамау сіздерге, әріптестеріңізге және KAZ Minerals компаниясына қатер төндіреді.

3. Қауіп дабылдарына назар аудару

KAZ Minerals компаниясы беделі жақсы адамдарды ғана жұмысқа алады және сондай ұйымдармен ғана бизнес жүргізеді және Байланысты тұлғаларынан салық заңнамасы қағидаттары мен салық төлеуден жалтаруға қарсы әрекет ету қағидаттарын сақтауды талап етеді. Бұл – Топтың Байланысты тұлғаларының бизнесті адал жүргізуіне және барлық іскерлік операцияларда ең жоғары этикалық стандарттарды ұстануына қатысты Топтың барлық болжамдарының негізгі бөлігі.

Байланысты тұлғалар басқа Байланысты тұлғалардың немесе үшінші тараптардың KAZ Minerals компаниясымен жүргізетін операцияларда салық төлеуден жалтаруға тырысуын немесе іс жүзінде жалтаруын көрсететін белгілерге (немесе «қауіп дабылдарына») назар аударуы керек - төмендегі мысалдарды қар. Егер сіздерде осылай күдіктенуге негіз бар болса, бұл сұрақпен тікелей басшыңызға немесе KAZ Minerals компаниясындағы байланыс тұлғасына (жағдайға байланысты) хабарласып, болған оқыс оқиғаның түсіндірмесін мүмкіндігінше егжей-тегжейлі деректермен бірге көрсетіп беруіңіз керек.

Қауіп дабылдарының мысалдары:

- Жеткізуші KAZ Minerals компаниясынан жеткізушіге, салық төлемейтін немесе "салық айлағы" ретінде есептелуі мүмкін юрисдикцияда орналасқан оффшорлық еншілес ұйымына тиесілі соманың көп бөлігін төлеуді сұрайды.
- KAZ Minerals компаниясының Қиыр Шығыстағы негізгі агенттері жергілікті нарықта өз өнімдеріне бәсекеге қабілетті бағалар белгілеуде. Агенттердің жергілікті кеденшілермен жұмысының арқасында тіркелген тауарлардың деңгейі жасанды түрде төмендетіліп, кедендік баждарды төлеу бойынша міндеттемелер азаюда деген қауесет жүруде.
- KAZ Minerals компаниясы нарықтың жаңа деңгейіне шығу бойынша кеңестер алу үшін консалтингтік фирма жалдайды. Олар сіздерге осы нарықтағы банкті ұсынады және бұл банспен қатынас жасауда KAZ Minerals компаниясының мүддесін білдіруді ұсынады. Кейінірек сіздер оларда банктің өңдеуіне жататын жалған құжаттардың бар екендігін байқайсыздар.

4. Заңнаманы және этикалық нормаларды бұзу туралы хабарлау (Speak Up)

Байланысты тұлғалар лауазымдық бұзушылықтар, жұмысты тиісінше орындамау немесе жұмыс орнындағы заңға қайшы іс-әрекеттің оларға мәлім фактілері туралы мүмкіндігінше бірден мәлімдеуі тиіс. Заңнаманы немесе осы Кодексте баяндалған этикалық нормаларды бұзу туралы негізді күдіктері бар Байланысты тұлғалар ең алдымен аталған жағдай құзыретінде болатын және оған тиімді жауап бере алатын басшысына, немесе Топтың құқықтық мәселелер жөніндегі директорына немесе Құқықтық бақылау бөліміне немесе Дубайдағы Корпоративтік хатшыға хабарлауы тиіс.

Байланысты тұлға өз қалауы бойынша іскерлік әдеп қағидаларының бұзылуы, сондай-ақ заңнама немесе ішкі нормативтік құжаттар талаптарының кез келген бұзылуы туралы халықаралық сенім телефоны, электрондық пошта немесе KAZ Minerals Speak Up веб-сайты арқылы хабарлау үшін Speak Up жүйесін пайдалана алады. Speak Up қызметі тәулік бойы, жылына 365 күн үздіксіз жұмыс істейді және пайдаланушыларға бірнеше тілде жүгіну мүмкіндігін ұсынады. Қоңырауларды арнайы оқытылған операторлар қабылдайды, олар хабарламаны тіркейді және оны тергеп-тексеруді ұйымдастыру әрі тиісті шараларды қабылдау үшін жоғары басшылықтың қарауына береді.

KAZ Minerals кеңес алу үшін адал ниетпен жүгінетін, алаңдаушылық білдіретін немесе кез келген теріс қылықтар, заңсыз іс-әрекеттер немесе заңды немесе ішкі актілерді бұзу туралы хабарлайтын кез келген Байланысты тұлғаға қатысты шара қолданбайды немесе жазаламайды және қудалаудың кез келген нысанына жол бермейді.

Толық ақпарат заңнаманы және KAZ Minerals этикалық нормаларды бұзу туралы хабарлау саясатында (Speak Up) берілген.

KAZ Minerals International FZCO Байқау кеңесі 2026 жылғы 02 шілдеде бекітті